

Шетелдік инвестициялар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы. 1994 жылғы 27 желтоқсан N 266-ХІІІ Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2003.01.08. N 373 Заңымен.

Осы Заң шетелдік инвестицияларды Қазақстан Республикасының экономикасына тартудың басты құқықтық және экономикалық негіздерін белгілейді, шетелдік инвестицияларды қорғаудың мемлекеттік кепілдіктерін бекітеді, оларды жүзеге асырудың ұйымдық нысандарын, шетелдік инвесторлар қатысатын дауларды шешу тәртібін белгілейді.

I тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі терминдер мен ұғымдар

"Инвестициялар" - табыс алу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектілеріне салынатын мүліктік және санаткерлік қазыналардың барлық түрі, оның ішінде:

- жылжитын және жылжымайтын мүлік пен мүліктік құқықтар, ұстап қалу құқығы, импортталған және өңдемей сатуға арналған тауарлардан басқалары;

- акциялар және коммерциялық ұйымдарға қатысудың өзге де нысандары;

- облигациялар мен басқа да борыштық міндеттемелер;

- ақша сомаларын, тауарларды, қызмет көрсету және инвестицияларға байланысты шарттар бойынша кез келген өзге орындауды талап ету;

- авторлық құқықтарды, патенттерді, тауарлық белгілерді, өнеркәсіп үлгілерін, технологиялық процестерді, ноу-хауды, нормативтік-техникалық, сәулеттік, конструкторлық және технологиялық жобалық құжаттаманы қоса, санаткерлік қызмет нәтижелеріне құқық;

- қызметті жүзеге асыру үшін лицензияға негізделген немесе мемлекеттік орган өзге де нысанда берген кез-келген құқық;

"Инвестициялау" пайда (табыс) алу мақсатында кәсіпкерлік қызмет объектілеріне шетелдік инвестициялар салуды жүзеге асыруға байланысты қызмет.

"Шетелдік инвестициялар" - Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының жарғылық капиталына қатысу, сондай-ақ оларға қатысты шетелдік инвесторлар осындай заңды тұлғалар қабылдаған шешімдерді белгілеуге құқығы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына заемдар (несиелер) беру нысанында жүзеге асырылатын инвестициялар және Қазақстан Республикасының лизинг туралы заңдарында көзделген шарттармен лизинг

н ы с а н а л а р ы н

б е р у .

"Шетелдік инвестор" :

- шетелдік заңды тұлғалар;

- шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар, шет елде тұрақты тұрғылықты жері бар Қазақстан Республикасының азаматтары, бұл орайда олар шаруашылық қызметті жүргізу үшін азаматтығын алған немесе тұрақты тұрғылықты жері орналасқан елде тіркелген болуы керек;

- ш е т м е м л е к е т т е р ;

- х а л ы қ а р а л ы қ ұ й ы м д а р ;

оларға қатысты шетелдік инвесторлар осындай заңды тұлғалар қабылдаған шешімдерді белгілеуге құқығы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары .

"Ұлттық инвестор" - Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын жеке тұлға және (немесе) Қазақстан Республикасында инвестицияны жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы.

"Шетелдік заңды тұлға" - шет мемлекеттің заңдарына сәйкес құрылған заңды тұлға (компания, фирма, кәсіпорын, ұйым, қауымдастық және т.б.)

"Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы" - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында құрылған заңды тұлға (соның ішінде шетел қатысатын кәсіпорын).

"Шетел қатысатын кәсіпорын" - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында құрылған және шетелдік кәсіпорын немесе бірлескен кәсіпорын нысанында іс-қимыл жасайтын заңды тұлға.

"Шетелдік кәсіпорын" - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында құрылған, толығымен шетелдік инвесторға тиесілі шетел қатысатын кәсіпорын.

"Бірлескен кәсіпорын" - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында құрылған, мүлкінің (акциялардың, үлестің) бір бөлігі шетелдік инвесторға тиесілі шетел қатысатын кәсіпорын.

"Кірістер" - пайданы, дивидендтерді, кәсіпорынды басқарғаны, техникалық қызмет көрсеткені үшін сыйақыны және басқа да кез келген табыстарды қоса алғанда, ақшалай немесе заттай нысандағы инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде алынған қаражат.

"Уәкілетті мемлекеттік орган" - заң және нормативтік құқықтық актілермен белгіленген өз құзыреті шеңберінде Қазақстан Республикасы атынан әрекет жасауға хақылы мемлекеттік орган.

"Инвестициялық дау" - шетелдік инвестор мен Қазақстан Республикасының атынан уәкілдік берілген мемлекеттік органдар арасында шетелдік инвестициялауға байланысты туындайтын кез келген дау, оның ішінде:

- уәкілетті мемлекеттік органдардың осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге заңдарында немесе қолданылып жүрген құқықта көзделген шетелдік инвесторлардың құқықтары мен мүдделерін бұзатын әрекеттеріне;

- Қазақстан Республикасының шетелдік инвестициялар мен инвестициялық қызмет саласындағы заңдарын бұзатын шетелдік инвесторлардың әрекеттеріне;

- Қазақстан Республикасы мен шетелдік инвестор арасындағы кез келген келісімге ;

- шетелдік инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты дау.

"Қолданылатын құқық" - егер инвестормен жасалған келісім-шарт ережелерінде немесе өзге де келісімде тікелей өзгеше көзделмеген болса, Қазақстан Республикасының құқығы.

Заң актілерінде қолданылатын құқық ретінде тек Қазақстан Республикасының құқығы ғана алынатын жағдайлар көзделуі мүмкін.

"Тікелей шетелдік инвестициялар" - оларға қатысты шетелдік инвесторлар осындай заңды тұлғалар қабылдаған шешімдерді белгілеуге құқығы бар жаңадан құрылған және жұмыс істеп жатқан Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларына шетелдік инвесторлар жүзеге асыратын инвестициялар.

"Портфельдік шетелдік инвестициялар" - шетелдік инвесторлар жүзеге асыратын инвестициялардың өзге де түрлері.

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгертілді және жаңа абзацтармен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгертілді және жаңа абзацтармен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.02. N 466 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 1-баптың 3-бөлігі толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2000.07.05. N 75 Заңымен.

2-бап. Шетелдік инвестициялардың объектілері

Шетелдік инвестициялар Қазақстан Республикасының заң құжаттарында осындай инвестицияларға тыйым салынбаған кез келген объектілерге және қызмет түрлеріне салынуы мүмкін.

3-бап. Заңның қолданылу аясы

1. Қазақстан Республикасындағы шетелдік инвестицияларға байланысты қатынастар осы Заңмен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заңдарымен реттеледі.

2. Заемдар, несиелер, нысаналы банк және қаржы салықтарын беруге байланысты, Портфельдік инвестициялармен жүзеге асырылатын заемдар, несиелер, нысаналы банк және қаржы салымдарын беруге байланысты, сондай-ақ шетелдегі ұлттық инвесторлардың инвестицияларына байланысты қатынастар арнаулы заңдармен реттеледі. Осы қатынастарды реттейтін заң актілері қабылданғанға дейін, егер мұның өзі қатынастардың мәніне қайшы келмесе,

оларға осы Заңның нормалары қолданылады.

Егер арнаулы экономикалық аймақтар туралы заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, еркін экономикалық аймақтарда шетелдік инвестицияларды жүзеге асыруға осы Заңның қалыптары қолданылады.

3. Экономиканың басым секторларындағы инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдау процесінде туындайтын қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен реттеледі.

4. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

ЕСКЕРТУ. 3-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 3-бап толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1999.08.02. N 466 Заңымен.

II тарау. Шетелдік инвестицияларға берілетін кепілдіктер

4-бап. Шетелдік инвестициялардың құқықтық режимі

1. Шетелдік инвестициялардың кез келген нысандары мен соларға байланысты, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында тыйым салынбаған қызмет осындай жағдайда Қазақстан Республикасы жеке тұлғаларының немесе заңды тұлғаларының, не өзге де кез келген шетелдік жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың инвестицияларына қаншалықты қолайлы жағдайлар жасалатынына қарай, олардан қолайлылығы жағынан кем түспейтін жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Бұл режим:

а) басқа мемлекеттердің жеке және заңды тұлғаларына осы мемлекеттермен, не халықаралық конвенцияларға сол мемлекеттермен бірлесіп қатысу арқылы жасалған халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасы беретін артықшылықтарға;

б))

б) Қазақстан Республикасының заң құжаттарында тікелей көзделген өзге де жағдайларда қолданылмайды.

3. Экономика мен әлеуметтік саланың басымдық берілген салаларында шетелдік инвестициялар үшін белгіленуі мүмкін.

4. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттігіне сүйене отырып, Қазақстан Республикасының заң актілерінде шетелдік инвесторлардың немесе шетел қатысатын кәсіпорындардың инвестициялық қызметі шектелетін немесе оған

тыйым салынатын аумақтар белгіленуі мүмкін.

5. Осы Заңның 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 27-баптарында көзделген шетелдік инвесторларға арналған кепілдіктер жарғылық қорындағы шетелдік инвесторлардың үлесі кемінде 35 процент немесе ақшаға балағанда кемінде 1 миллион АҚШ долларын құрайтын шетел қатысатын кәсіпорындардың мүдделерін қорғауға да қолданылады.

Ескерту. 4-баптың 4-тармағына өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.10.05. N 2488 жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 4-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

5 - б а п . < * >

ЕСКЕРТУ. 5-бап алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

6-бап. Заңдар өзгерген жағдайдағы кепілдіктер

1. Заңдардағы өзгерістердің нәтижесінде және (немесе) халықаралық шарттар ережелерінің күшіне енуіне және (немесе) өзгеруіне байланысты шетелдік инвестордың жағдайы нашарлаған ретте шетелдік инвестицияларға 10 жыл бойы инвестицияларды жүзеге асырған кезде қолданылған заңдар қолданылады, ал мемлекет уәкілдік берген органдармен жасалған ұзақ мерзімді (10 жылдан астам) келісім-шарттар бойынша жүзеге асырылатын инвестицияларға, егер келісім-шартта өзгеше көзделмесе, келісім-шарт қолданылатын мерзім аяқталғанға дейін қолданылады.

Заңдардағы өзгерістердің нәтижесінде және (немесе) халықаралық шарттар ережелерінің күшіне енуіне және (немесе) өзгеруіне байланысты шетелдік инвестордың жағдайы жақсарған ретте шетелдік инвестор мен республиканың өкілі болып табылатын уәкілетті мемлекеттік органның арасындағы келісім-шарттардың жекелеген ережелері қатысушылардың экономикалық мүдделерін теңдестіруге қол жеткізу мақсатымен тараптардың өзара келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

2. Лицензия негізінде инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде осы баптың бірінші тармағында көзделген кепілдік бірінші тармақта белгіленген мерзім ішінде - лицензияның қолданылуы тоқтатылғанға дейін, ал оны ұзартқан жағдайда лицензия ұзартылған мерзім аяқталғанға дейін сақталады.

3. Бұл талаптар қорғаныс қабілетін, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы, экологиялық қауіпсіздік пен денсаулық сақтау және адамгершілік аясындағы Қазақстан Республикасы заңдарына енгізілген өзгерістерге қолданылмайды. Заңдарға осы салаларда шетелдік инвестордың жағдайын нашарлататын өзгерістер енгізілген кезде шетелдік инвесторға инвестицияланған валютаға, не шетелдік инвестордың Қазақстан Республикасымен келісімінде

белгіленген шетелдік валютаға пара-пар және тиімді өтем кідіріссіз төленуге тиіс

4. Осы баптың 1-тармағында белгіленген кепілдіктер акцизделетін тауарларды импорттау мен (немесе) өндіру, және (немесе) өткізу, сондай-ақ өңдемей сатуға арналған тауарларды импорттау тәртібі мен шарттарын (оның ішінде салық салу мәселелері мен мемлекеттік реттеудің өзге де шараларын) өзгертетін Қазақстан Республикасының заңдарындағы өзгерістерге және (немесе) Қазақстан Республикасы қатысатын халықаралық шарттардың күшіне енуіне және (немесе) өзгерістеріне қолданылмайды.

ЕСКЕРТУ. 6-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен .

7-бап. Экспроприациялаудан қорғау кепілдіктері

1. Шетелдік инвестицияларды Ұлт меншігіне алуға, экспроприациялауға немесе оларға ұлт меншігіне алу мен экспроприациялау (бұдан әрі - экспроприациялау) сияқты зардаптары бар өзге де шаралар қолдануға болмайды, бұған экспроприациялау тиісті заң тәртібін сақтай отырып, қоғам мүдделеріне орай жүзеге асырылатын және пара-пар әрі тиімді өтем кемсітпей дереу төленетін жағдайлар қосылмайды.

2. Экспроприацияланатын инвестициялардың өтемі инвесторға экспроприациялау туралы белгілі болған кездегі әділетті рыноктық құнға тең болуға тиіс .

3. Өтем экспроприация күнінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін ставка бойынша өтем төленетін күнге дейінгі кезең ішінде төленуге тиісті ақшаны пайдалану үшін төленетін ақыны қамтуға тиіс.

ЕСКЕРТУ. 7-баптың 3-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

8-бап. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекетінен қорғау кепілдіктері

Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының Қазақстан Республикасының заңдарын бұзып қабылдаған және шетелдік инвестордың құқықтық жағдайын нашарлататын актілерінің заңды күші болмайды.

ЕСКЕРТУ. 8-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

9-бап. Шетелдік инвесторларға өтем төлеу және зиянының орнын толтыру

1. Инвестицияларына соғыстың немесе басқа да қарулы жанжалдың, революцияның, төтенше жағдайдың, азаматтық қақтығыстардың немесе сондай жағдайлардың салдарынан, сондай-ақ заңсыз қалыпты құжаттар мен шешімдер қабылдауға немесе мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының заңсыз

әрекеттері жүзеге асыруына байланысты Қазақстан Республикасында нұқсан келтірілген шетелдік инвесторларға өтем төлеген кезде қолайлылығы жағынан жоғарыда көрсетілген жағдайлар салдарынан зардап шеккен Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары зиянының орнын толтыруда қолданылатыннан кем емес режим жасалады.

2. Осы Заңның 8-бабында аталған органдар мен адамдардың әрекеттерімен шетелдік инвесторлардың шаруашылық қызметін заңсыз кідірту, шектеу немесе тоқтату арқылы келтірілген зиян оған инвестиция жасалған валютамен немесе онымен келісілген басқа валютамен заңсыз шешім қабылдаған орган қаржыландырылған бюджет есебінен осы Заңның 7-бабында көзделген көлемде және тәртіпте өтеледі.

ЕСКЕРТУ. 9-баптың 2-тармағы толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

10-бап. Кірістерді пайдалану кепілдіктері

1. Шетелдік инвесторлар өз қызметінен алған кірістерді өз қалауы бойынша Қазақстан Республикасының аумағында қайта инвестициялау үшін, тауарлар сатып алу үшін және Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған басқа да мақсаттар үшін пайдалануға құқылы.

2. Шетелдік инвесторлар кірістері мен басқа да қаражаттарын сақтау және пайдалану үшін Қазақстан Республикасының банкілер туралы және валюталық реттеу туралы заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағындағы банкілерде ұлттық және шетелдік валютамен есепшот ашуға құқылы.

11-бап. Жеке валюта қаражатын пайдалану кепілдіктері

1. Шетелдік инвесторлар валюта операцияларын осы Заңда белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының валюталық реттеу туралы заңдарына сәйкес жүргізеді.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген рәсімдерге сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төленген жағдайда, шетелдік инвестицияларға байланысты Қазақстан Республикасына және одан шетелдік валютамен ақша аударымдарының бәрі еркін және кідіріссіз жүзеге асырылады.

Мынадай аудармаларға, атап айтқанда, мыналар енгізіледі:

- а) кірістер;
- б) келтірілген зиян үшін алынған өтемдер мен төлемдер;
- в) өз мүлкін сатудан алынған қаражат;
- г) инвестициялардың бір бөлігін немесе бәрін сатудан немесе жойып жіберуден түскен ақша;
- д) басқа да көздерден заңды түрде алынған қаражат.

Шетел қатысатын кәсіпорын валюталық реттеу туралы заңдарда белгіленген тәртіп бойынша шетел валютасымен есеп айырыса алады.

Шетелдік инвестор мен шетел қатысатын кәсіпорын өзіне тиесілі ұлттық валютаға еркін билік жүргізуге хақылы.

ЕСКЕРТУ. 11-баптың 2-тармағының 8-9-азатжолдары жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

12-бап. Шетелдік инвесторлардың қызметіндегі жариялылық

1. Шетелдік инвестицияларға қатысты барлық қалыпты құжаттар, сондай-ақ сот шешімдері мүдделі адамдар таныса алатын болуға тиіс.

2. Коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты есептемегенде, заңды тұлғаларды тіркеу туралы, олардың жарғылары туралы, қозғалмайтын мүліктер жөніндегі мәмілелерді тіркеу туралы, берілген лицензиялар туралы ақпаратпен шетелдік инвесторлардың еркін танысуы қамтамасыз етіледі.

13-бап. Мемлекеттік тексеру кезіндегі кепілдіктер

1. Шетелдік инвестордың қызметін тексеруді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру құқығын Қазақстан Республикасының заң құжаттарымен осы құқық арнайы берілген мемлекеттік органдар мен заңды тұлғалар ғана п а й д а л а н а д ы .

2. Шетел қатысатын кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік салық, санитариялық және басқа инспекциялар мен мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарының тексерулері олардың құзыретіне сәйкес жүзеге асырылады. Шетелдік инвесторлар бұл органдардың өз құзыретіне жатпайтын мәселелер жөніндегі талаптарын орындамауға және олардың қызметі мәніне қатысы жоқ материалдармен таныстырмауға құқылы.

III тарау. Шетел қатысатын кәсіпорындарды құру және тарату

14-бап. Шетел қатысатын кәсіпорындарды құру тәртібі

Шетел қатысатын кәсіпорындар шаруашылық серіктестігі, акционерлік қоғам нысанында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де нысандарда құрылуы мүмкін.

Егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, шетел қатысатын кәсіпорындар Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары құрылатын тәртіп бойынша құрылады.

15-бап. Шетел қатысатын кәсіпорындардың жарғылық капиталын қалыптастыру

1. Шетел қатысатын кәсіпорынның жарғылық капиталының қалыптастырудың мөлшері, тәртібі мен мерзімі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

2. Жарғылық капиталға салымдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіп бойынша үйлер, ғимараттар, жабдықтар және басқа да материалдық қазыналар, жерді, суды және басқа да табиғи ресурстарды, сондай-ақ интеллектуалдық қызмет нәтижелеріне құқықты қоса алғанда, өзге де мүліктік құқықтарды пайдалану құқығы түрінде енгізілуі мүмкін.

3. Жарғылық капитал кәсіпорындардың шаруашылық қызметін алынатын пайда мен басқа да түсімдер есебінен, ал қажет болған жағдайда оған қатысушылардың қосымша салымдары есебінен де толықтырылып отыруы мүмкін. Егер мұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткіштің мөлшеріне тең сомадан асып кетсе, оны бағалауды тәуелсіз сарапшы растауға тиіс.

4. Қазақстандық және шетелдік қатысушылардың бірлескен кәсіпорынның жарғылық капиталындағы мүліктік салымдарының үлестері қатысушылар арасындағы уағдаластық бойынша заңды тұлға тіркелген күнгі дүниежүзілік рыноктың бағасы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағаларды қолдана отырып, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен де, шетелдік валютамен де белгіленеді. Жарғылық капиталға салымды бағалауды Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5. Жарғылық капиталдың ақшасы Қазақстан Республикасында тіркелген уәкілетті банкіде сақталуға тиіс.

6. Шетелдік инвесторлар Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы ретінде құрылған акционерлік қоғамнан акциялар жабық не шаруашылық серіктестіктен үлес сатып алу жолымен шетелдік инвестицияларды жүзеге асырған жағдайда бұл заңды тұлғалар шетел қатысатын кәсіпорын ретінде осы Заңның 16-бабында белгіленген тәртіп бойынша қайта тіркеуге тиіс.

ЕСКЕРТУ. 15-бапқа өзгеріс енгізілді, 7-тармақ 6-тармақ болып саналды - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 30-1 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.11. N 154 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 1998.04.22. N 221 Заңымен.

16-бап. Шетел қатысатын кәсіпорындарды мемлекеттік тіркеу

1. Шетел қатысатын кәсіпорындарды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларын тіркеуге арналған Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

2. Шетел қатысатын кәсіпорын осы тәртіп бойынша көзделген құжаттардан басқа мыналарды табыс етуге тиіс:

а) шетелдік заңды тұлға үшін сол субъект өз елінің заңдары бойынша заңды

тұлға болып табылатынын куәландыратын сауда тізілімінен алынған көшірме немесе басқа құжат, нотариат бекіткен қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге;

б) шетелдік жеке тұлға үшін жеке тұлғаның өзін куәландыратын паспортының немесе басқа құжатының көшірме нұсқасы, нотариат бекіткен қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге.

3. Шетел қатысатын кәсіпорындардың кейбір түрлерін тіркеу үшін Қазақстан Республикасының тиісті заң құжаттарымен қосымша құжаттарды табыс ету қажеттігі көзделуі мүмкін.

ЕСКЕРТУ. 16-тармаққа өзгерістер енгізілді - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 30-1 Заңымен.

ЕСКЕРТУ. 16-тармақ өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

17-бап. Шетел қатысатын кәсіпорындардың қызметіне лицензия беру

1. Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығына берілетін, шетел қатысатын кәсіпорындар алуға міндетті лицензиялар жалпы және арнаулы лицензиялар болып бөлінеді.

2. Жалпы лицензиялар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өздерінің меншік нысандары мен мемлекеттік бағынысына қарамастан шаруашылық жүргізуші барлық субъектілер үшін лицензия алу міндетті болып табылатын кәсіпкерлік қызмет түрлеріне қатысты. Шетел қатысатын кәсіпорындардың мұндай қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия алуы Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары үшін белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

3. Арнаулы лицензиялар шетел қатысатын кәсіпорындар жөнінде ғана лицензия алу қолданылатын қызмет түрлеріне қатысты. Мұндай қызмет түрлері Қазақстан Республикасының заң құжаттарымен белгіленеді.

18-бап. Шетел қатысатын кәсіпорындарды тарату және қайта құру

1. Шетел қатысатын кәсіпорындарды тарату және қайта құру Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары үшін белгіленген тәртіп бойынша жүзеге асырылады.

2 . < * >

ЕСКЕРТУ. 18-баптың 2-тармағы алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

IV тарау. Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу және олардың қызметі

19-бап. Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері және олардың қызметі

1. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік заңды тұлғаның филиалы оның Қазақстан Республикасында орналасқан және тіркелген, осы заңды тұлға міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін атқаратын оқшау бөлімшесі болып табылады.

2. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде орналасқан шетелдік заңды тұлғаның өкілдігі оның Қазақстан Республикасында орналасқан және тіркелген, шетелдік заңды тұлғаның мүдделерін қорғайтын және оған өкілдік ететін оның атынан мәмілелер мен өзге де құқықтық іс-әрекеттер жасайтын оқшау бөлімшесі болып табылады.

3. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болмайды. Оларға өздерін құрған шетелдік тұлға мүлік бөледі және олар осы заңды тұлға бекіткен ереже негізінде іс-қимыл жасайды.

4. Филиалдар мен өкілдіктердің басшыларын шетелдік заңды тұлға тағайындайды және олар өздеріне берілген сенімхат негізінде іс-қимыл жасайды.

20-бап. Шетелдік заңды ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу тәртібі

1. Қазақстаннан тыс жерлерде орналасқан шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін Қазақстан Республикасында шетел қатысатын кәсіпорындарды (осы Заңның 16-бабы) мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы органдар тіркейді.

2. Шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу Қазақстан Республикасы заңды тұлғаларының филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу үшін Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген ортақ ережелер бойынша жүргізіледі. Тіркеуге арналған құжаттар нотариат бекіткен қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен бірге табыс етіледі.

ЕСКЕРТУ. 20-баптың 2-тармағы жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1996.07.15. N 30-1 Заңымен.

V тарау. Шетелдік инвесторлар және шетел қатысатын кәсіпорындар қызметінің түрлері мен шарттары

ЕСКЕРТУ. Атауы сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

21-бап. Еншілес кәсіпорындар, филиалдар мен өкілдіктер

1. Шетел қатысатын кәсіпорын заңдарда белгіленген тәртіп бойынша Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде заңды тұлға құқықтары бар еншілес кәсіпорындар, сондай-ақ филиалдар мен өкілдіктер құра а л а д ы .

2. Шетел қатысатын кәсіпорындардың филиалдары мен өкілдіктері заңды тұлға болмайды және өздері туралы шетел қатысатын кәсіпорындар бекітетін ережелер негізінде жұмыс істейді.

22-бап. Кедендік салықтар

1. Қазақстан Республикасына шетел қатысатын кәсіпорынның жарғылық қорына шетелдік инвестордың салымы ретінде әкелінетін жабдықтар мен олардың жиынтықтаушы қосалқы бөлшектері кеден бажын төлеуден босатылады .

2. Шетел қатысатын кәсіпорындардың, шетелдік заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктерінің шетелдік қызметкерлерінің жеке мүлкі кеден б а ж ы н т ө л е у д е н б о с а т ы л а д ы .

3 . < * >

ЕСКЕРТУ. 22-баптың 1-2-тармақтары жаңа редакцияда, 3-тармағы алынып тасталды - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

23-бап. Бухгалтерлік есеп және есеп беру

1. Шет ел қатысатын кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізеді және қаржылық есептілік жасайды.

2. Салықтарды есептеу Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес ж ү р г і з і л е д і .

3. Шет ел қатысатын кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мерзімде және нысандар бойынша меншік иелеріне, мемлекеттік статистика, мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарына олардың құзыретіне сәйкес жылдық қаржылық есептілік және аудиторлық қорытынды т а б ы с е т е д і .

Ескерту. 23-баптың 2-тармағы жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 1995.10.05. N 2488 Жарлығымен.

ЕСКЕРТУ. 23-баптың 1,3-тармақтары жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.06.02. N 115-І Заңымен.

24-бап. Қазақстан Республикасының азаматтары қатысатын еңбек қатынастары

ЕСКЕРТУ. Атауы сөздермен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

1. Шетел қатысатын кәсіпорындарда жұмысқа жалдау мен босату, еңбек пен демалыс режимі мәселелерін, еңбекке ақы төлеу, кепілдіктер беру мен өтем

төлеу ережелерін қоса алғанда, өндірістік және еңбек қатынастары ұжымдық шартпен (келісіммен) де, жеке еңбек шарттарымен (келісім-шарттармен) де р е т т е л е д і .

2. Ұжымдық шарт (келісім) пен жеке еңбек шарттарының ережелері Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген ережелермен салыстырғанда осы кәсіпорын қызметкерлерінің жағдайын нашарлатпауы керек.

3. Шетел қатысатын кәсіпорындағы кәсіптік одақтардың қызметі Қазақстан Республикасының заңдары негізінде жүзеге асырылады.

25-бап. Шетелдік қызметкерлер тарту

1. Шетел қатысатын кәсіпорындардың жұмысшылары мен қызметшілерінің, оның әкімшілігінің, бақылау кеңесі мүшелерінің құрамына шетелдік азаматтар к і р е а л а д ы .

Шетел қатысатын кәсіпорындардың шетелдік қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу, оларға демалыс беру, зейнетақымен қамтамасыз ету мәселелері олардың әрқайсысымен жасалатын жеке еңбек шарттарында (келісім-шарттарда) шешілуге тиіс. Осы қызметкерлер өздерінің шетелдік валютамен алатын жалақысының тиісті салықтар мен басқа да міндетті төлемдер төленгеннен кейін ш е т м е м л е к е т т е р г е а у д а р а а л а д ы .

2. Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жері жоқ шетелдік қызметкерлермен еңбек қатынастарына, егер еңбек шартын (келісім-шартын) жасасушы тараптар оны жасасқан кезде немесе бұдан былайғы келісім негізінде еңбек қатынастарының жекелеген элементтерін реттеп отыратын елдің заңдарын таңдап алмаған болса, Қазақстан Республикасының заңдары қолданылады.

3. Қазақстан Республикасында шетелдік инвесторлармен жасалған еңбек шарттары (келісім-шарттары) бойынша жұмыс істейтін шетелдік азаматтардың еңбек қатынастары еңбек шартының тараптары (келісім-шартында) таңдап алған з а ң д а р м е н р е т т е л е д і .

4. Шетел қызметкерімен жасалған еңбек шартының (келісім-шартының) талаптары жалақы мөлшері, әйелдердің, жасөспірімдердің, мүгедектердің еңбегін қолдану, сондай-ақ қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету бөлігінде қызметкерлерді әлеуметтік қорғаудың ең төменгі деңгейін белгілейтін Қазақстан Республикасы заңдарының нормаларына қайшы келмеуге тиіс.

ЕСКЕРТУ. 25-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

26-бап. Әлеуметтік сақтандыру мен қамсыздандыру

1. Шетел қатысатын кәсіпорынның шетелдік қызметкерлерін зейнетақымен қамтамасыз етуге арналған төлемдер олардың тұрақты тұратын елдерінің тиісті қорларына валютамен және сол елдердің заңдарына сәйкес аударылады.

2. Шетел қатысатын кәсіпорындар қазақстандық қызметкерлерді мемлекеттік

әлеуметтік сақтандыру жарналарын Қазақстан Республикасының кәсіпорындары мен ұйымдары үшін белгіленген ставкалар бойынша енгізеді.

ЕСКЕРТУ. 26-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

27-бап. Дауларды шешу

1. Инвестициялық даулар, мүмкіндігінше, келіссөздер арқылы шешіледі.

2. Егер мұндай дауларды дауласушы кез келген бір тараптың екінші тарапқа жазбаша өтініш жасаған күнінен бастап үш ай ішінде келіссөз арқылы шешу мүмкін болмаса, шетелдік инвестордың жазбаша келісімі болған жағдайда дау кез келген тараптың қалауы бойынша:

1) Қазақстан Республикасының сот органдарына;

2) дауларды шешудің келісілген, соның ішінде келісім-шартта немесе дауласушы тараптар арасындағы кез келген өзге келісімде белгіленген рәсімге сәйкес мынадай төрелік органдарының біріне:

а) егер инвестордың мемлекеті Вашингтонда қол қою үшін 1965 жылғы 18 наурызда ашылған Мемлекеттер мен басқа мемлекеттердің азаматтары арасындағы инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі конвенцияның (ИКСИД Конвенциясы) қатысушысы болса, сол Конвенцияға сәйкес құрылған Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа (бұдан әрі - **О р т а л ы қ**) ;

б) егер инвестордың мемлекеті ИКСИД Конвенциясының қатысушысы болмаса, Орталықтың Қосымша (Қосымша органның Ережелері бойынша жұмыс істейтін) **о р г а н ы н а** ;

в) Біріккен Ұлттар Ұйымының Халықаралық сауда құқығы жөніндегі Комиссиясының (ЮНСИТРАЛ) Төрелік регламентіне сәйкес құрылатын төрелік **о р г а н д а р ы н а** ;

г) Стокгольмдегі Сауда Палатасының Төрелік институтында төрелік етіп **қ а р а у ғ а** ;

д) Қазақстан Республикасының Сауда-өнеркәсіп палатасы жанындағы Төрелік комиссиясына шешуге берілуі мүмкін.

3. Шетелдік инвестор дауларды қараудың осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген рәсімін таңдаған жағдайда Қазақстан Республикасының келісімі алынған болып топшыланады. Шетелдік инвестордың келісімі уәкілетті мемлекеттік органға кез келген уақытта жазбаша өтініш беру арқылы немесе төрелікке жүгінген кезде берілуі мүмкін.

4. Уәкілетті мемлекеттік орган дауды шешудің бастамашысы болған, ал шетелдік инвестор дауларды қараудың белгілі бір рәсімін таңдаудан жалтарған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік орган дауды бітімгершілікпен реттеу мақсатымен шетелдік инвесторға бірінші рет жазбаша хабарлаған күнінен бастап

үш ай өтісімен уәкілетті орган дауды Қазақстан Республикасының сот органдарына қарауға беруге хақылы.

Шетелдік инвестор осы баптың 2-тармағында көзделген дауларды шешудің өзге рәсімін таңдағаны туралы жазбаша өтініш берген жағдайда істі қараушы сот іс жүргізуді тоқтатады.

5. Осы бапқа сәйкес кез келген төрелік істі қарау, егер шетелдік инвестор мен уәкілетті мемлекеттік орган арасындағы келісімде өзгеше көзделмесе, 1958 жылғы 10 маусымда Нью-Йоркте қол қойылған Шетелдік төрелік шешімдерді тану және орындау туралы Конвенцияға (Нью-Йорк Конвенциясы) қатысушы мемлекетте өтуге тиіс.

6. Осы бапқа сәйкес шығарылған кез келген төрелік шешім инвестициялық дау тараптары үшін түбегейлі және міндетті болады. Қазақстан Республикасында мұндай шешім Қазақстан Республикасы сот органдарының шешімдері ретінде орындалады.

7. Шетелдік инвесторлардың Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен инвестициялық дау санатына жатпайтын дауларын, егер заң актілерінде немесе тараптардың келісінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының сот органдары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шешеді.

ЕСКЕРТУ. 27-бап жана редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.07.01. N 165 Заңымен.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*